



**№ 4 (40)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 20 жылдығына арналған салтанаттық жиналыстағы ҚР Әділет министрі Б.М. Имашевтың сөйлеген сөзі	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	11
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Президенттің Жүз қадамын жүзеге асыру аясындағы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті жетілдірудің негізгі бағыттары	11
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Заңды процестер қазіргі құқықтық интеграцияның негізгі құрамдас бөлігі ретінде.....	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	25
В.Т. ҚОНЫС Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі банк омбудсманы.....	25
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ШӘМШЕКБАЕВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша рента шартын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	33
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Шарттық міндеттемелер бөлігіндегі азаматтық заңнаманы жетілдіру (жалпы ережелер және мүлікті беру туралы шарттық міндеттемелер)	39
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	44
А.Қ. ҚАНАТОВ Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруды (жылыстатуды) жіктеу проблемасы (жаңашылдықты мониторингілеу)	44
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодексін қолданудың кейбір мәселелері	49
А.К. КҰРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ Кепілдегі мүлікке тыйым салудан босату, оның ішінде қылмыстық процесте тыйым салудан босату туралы, азаматтық талап қоюды қараудың құқықтық аспектілері	54
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	61
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, Қ.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Халықаралық құқықтық құжаттардағы терроризм тақырыбы: оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар).....	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАЙЫРОВА Еуропалық Одақтағы шешімдер қабылдау тетіктерінің өзекті ережелері	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетудің құқықтық базасын жетілдіру мәселелері	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Қосарланған салық салудан жалтарудың кейбір мәселелері туралы	84
Құқықтық мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұрғысынан: теориялық-талдау аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Ғ. ҚАЗИЕВ Заңнама тиімділігін зерттеудің шетелдік тәжірибесі	92
Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторингінің теоретикалық аспектілері	96
Е.А. ДҮЙСЕНОВ, О.Қ. ҚАРАҚОЖАЕВ Қазақстан Республикасында қоғамдық ұйымдардың құқықтық мониторинг жүргізуге қатысуы	101
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МҮШАНОВ Ұлттық заңнамадағы терминология мәселелері	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Заңнамада терминнің атқаратын рөлі	110
А.А. МЕДИНАЕВА Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері	114
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалылығы мәселелері	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Аударма тіліндегі терминдер мәселелері	123
Шетелдік тәжірибе	127
О.В. БЕЛЮСОВА (Мәскеу қ.) Еуропалық Одақтың Латын Америка мемлекеттерімен халықаралық экономикалық қарым-қатынасы	127
Жас ғалым мінбері	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Тиімді салық саясаты және шағын бизнесті дамыту – өзара әрекеттесудің баламалы жолдары	134
Е.К. АХМЕТОВ Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторинг туралы	139
А.С. ӘБДІКӘРІМОВА Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі жай-күйі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеудің проблемалары.....	144
Ә. ЖҰМАБЕКОВА Еуропалық Одақтағы халықаралық шарттарды әзірлеу мен жасау және Ұлыбританияның Одаққа қатысты «ерекше рөлі»	149
Ж.А. МАМИТОВА Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттарды жіктеу туралы	155
Ж.Б. УӘЛИЕВА Заманауи қылмыстық құқықтық саясат қағидаларына сай отандық заңнамада кінә ұғымын бекіту мәселелері	161
Ә.Қ. ҚАПЫШЕВА Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік реформалау халықаралық тәжірибесі	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзудың мазмұны мен жалпы сипаттамасы	172
Ж. МУСИНА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы мүлкті тәркілеу: құқықтық реттеудегі жаңа ұстанымдар	177
Д.Б. БАЙСАҒАТОВА Қазақстан Республикасының халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдағы рөлі	183
Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ұйымдар және олардың қызметі. Құқықтық аспектілер	189
А.М. МАТЫШОВА Жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелу мәселелері	193
Б.Н. ТӘЖІБАЕВ Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік белгілері	199

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	207
2015 ж. 5-6 қарашада Астана қ. өткізілген «Әкімшілік акт: шығару, мазмұны және дау айту» тақырыбында әкімшілік құқық бойынша алтыншы халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	207
<i>Даналық ойлар</i>	213





**№ 4 (40)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Приветственное слово Министра юстиции РК Б.М. Имашева на торжественном собрании, посвященном 20-летию Конституционного Совета Республики Казахстан.....	9
Конституционное и административное право	11
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Основные направления совершенствования государственной службы в Республике Казахстан в свете реализации 100 шагов Президента	11
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Юридические процессы как составляющая основа современной правовой интеграции	18
Гражданское и гражданско-процессуальное право	25
В.Т. КОНУСОВА Банковский омбудсман в Республике Казахстан и в зарубежных странах	25
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ШАМШЕКБАЕВ Некоторые вопросы правового регулирования договора ренты по законодательству Республики Казахстан	33
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Совершенствование гражданского законодательства в части договорных обязательств (общие положения и договорные обязательства о передаче имущества)	39
Уголовное право и уголовный процесс	44
А.К. КАНАТОВ Проблема квалификации отмыывания денег и (или) иного имущества, полученных преступным путем (мониторинг нововведений)	44
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Некоторые вопросы применения норм УК и УПК при расследовании преступлений коррупционной направленности	49
А.К. КУРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАГУЛОВ Правовые аспекты рассмотрения гражданских исков об освобождении имущества, находящегося в залоге, от ареста, в том числе и в уголовном процессе	54
Международное право и сравнительное правоведение	61
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Тема о терроризме в международно-правовых документах: предложения по их усовершенствованию)	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАИРОВА Актуальные положения механизмов принятия решений в ЕС	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Вопросы совершенствования правовой базы оказания взаимной правовой помощи по уголовным делам	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ О некоторых вопросах избежания двойного налогообложения	84
Правовой мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Правовой мониторинг в контексте правовой политики Республики Казахстан: теоретико-аналитический аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Г. КАЗИЕВ Опыт зарубежных стран по изучению эффективности законодательства	92
А.Г. КАЗБАЕВА Теоретические аспекты общественного мониторинга нормативных правовых актов	96
Е.А. ДЮСЕНОВ, О.К. КАРАКОЖАЕВ Участие общественных организаций в проведении правового мониторинга в Республике Казахстан	101
Из практики законодательства на государственном языке	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МУШАНОВ Вопросы терминологии в национальном законодательстве	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Роль термина в законодательстве	110
А.А. МЕДИНАЕВА Языковые недочеты действующего законодательства	114
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Вопросы аутентичности текстов международных договоров	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Проблемы терминологии в переводческом деле	123
Зарубежный опыт	127
О.В. БЕЛОУСОВА (г. Москва) Международное экономическое сотрудничество ЕС с государствами Латинской Америки	127
Трибуна молодого ученого	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Эффективная налоговая политика и развитие малого бизнеса – альтернативные пути взаимодействия	134
Е.К. АХМЕТОВ Об общественном мониторинге нормативных правовых актов	139
А.С. АБДИКАРИМОВА Современное состояние коррупции и проблема расследования коррупционных правонарушений в Республике Казахстан	144
А. ЖУМАБЕКОВА Разработка и заключение международных договоров в Европейском Союзе и «особая роль» Великобритании по отношению к союзу	149
Ж.А. МАМИТОВА К вопросу о классификации международных антикоррупционных документов	155
Ж.Б. УАЛИЕВА Проблемы определения вины в отечественном законодательстве, соответствующей принципам современной уголовно-правовой политики	161
А.К. КАПЫШЕВА Международный опыт реформирования государственно-частного партнерства	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Содержание и общая характеристика нарушения экологических требований к хозяйственной или иной деятельности	172
Ж. МУСИНА Конфискация имущества в уголовном законодательстве республики казахстан: новые подходы в правовом регулировании	177
Д.Б. БАЙСАГАТОВА Роль Республики Казахстан в противодействии международному терроризму и экстремизму	183
Т.Б. ЖУМАГУЛОВ Международные организации и их деятельность в области обеспечения безопасности воды. Правовые аспекты	189
А.М. МАТЫШОВА Вопросы правового регулирования негласных следственных действий	193
Б.Н. ТАЖИБАЕВ Объективные признаки медицинских уголовных правонарушений	199

Информационные сообщения	208
Информационное сообщение о шестой международной научно-практической конференции по административному праву на тему: «Административный акт: издание, содержание и оспаривание» 5-6 ноября 2015 года в г. Астана	208
Мудрые мысли	213





Мединаева Ақерке Аманқызы,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығы НҚА

және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптамасы секторының аға ғылыми қызметкері

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ТІЛДІК КЕМШІЛІКТЕРІ

Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуын қан майданда жаумен алысып, елі үшін, жері үшін жанын пидә еткен ата-бабаларымыз көптен арман еткен. Сол арман 1991 жылы 16 желтоқсанда орындалды. Яғни, сол күні Қазақстан өзін тәуелсіз, демократиялық, құқықтық мемлекет деп жариялады. Ішкі және сыртқы саясатты өзі жүргізе бастады, басқа мемлекеттермен халықаралық құқық қағидаты негізінде қарым-қатынас орната бастады. Егеменді мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы жарияланды. Онда ел дамуының түбегейлі тұжырымдамасы анықталып, ішкі және сыртқы саясат саласындағы, ұлттық қауіпсіздік жөніндегі міндеттер сараланды. Тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы өзінің мемлекеттік нышандарын, құқықтық мемлекет ретіндегі нормативтік құқықтық базасын қабылдауды талап етті. Мемлекеттік нышандар да, алғашқы конституция да, заңдар мен жарлықтар да, даму стратегиялары мен экономикалық реформалар да бекітілді. Қаншама қыруар жұмыстар атқарылды. Мұның барлығы егемендігіміздің арқасында болғаны айқын.

Ал осы егеменді Қазақстанымызды дамыған өркениетті елдердің қатарына қосу бүгінгі жастардың қолында. Олардың міндеті – еліміздің намысын қорғап, оны әлемге барынша таныта білу. Әлемге таныту үшін әрбір жас өз елінің тарихын, тілін жетік білуі, ақылды да парасатты, зерек болуы керек.

Ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін, ең алдымен, оның тілі мен мәдениеті сақталуы керек. Тіл – халықтың басты қасиетті байлығы. Ана тілі адам баласының бойына ана сүтімен еніп, бойға тарайды. Қастерлі де құдіретті тіл байлығы әр елдің мақтанышы, атадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұрасы.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан

Республикасы Заңының 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп нақтылануы бекер емес [1].

Қазақ тілін заңнамалық актімен мемлекеттік тіл деп белгілесек те, туған тіліміздің қолданылуы аясын кеңейту үшін қаншама мемлекеттік бағдарламалар қабылдасақ та, оны ұлт тілі деңгейіне көтеру қолымыздан келмей тұрғаны шындық.

Бұған мемлекеттік органдардың заң жобаларын орыс тілінде әзірлеп, қазақ тіліне аударуы дәлел бола алады. Осылайша қазақ тілі аударма тіліне айналып кеткені қынжылтады.

Мысалы, «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 1-бабының орыс тіліндегі редакциясында: «В настоящем Законе политическими репрессиями признаются меры принуждения, осуществлявшиеся по политическим мотивам государственными органами или представлявшими их должностными лицами, в виде лишения жизни или свободы, включая заключение под стражу и принудительное лечение в психиатрических учреждениях, изгнания из страны и лишения гражданства, удаления из мест проживания или районов обитания (ссылки или высылки), направления на спецпоселение, привлечения к принудительному труду с ограничением свободы (в том числе в так называемых «трудовых армиях», «рабочих колоннах НКВД»), а также иное поражение, лишение или ограничение

прав и свобод, соединенные с ложным обвинением в совершении преступления, либо с преследованием как социально опасных лиц по признакам политических убеждений, классовой, социальной, национальной, религиозной или иной принадлежности в судебном, внесудебном либо административном порядке.» деп белгіленген. Бұл бапта «меры принуждения», «принудительное лечение», «изгнания из страны», «лишения жизни», «удаления из мест проживания или районов обитания», «привлечения к принудительному труду», «внесудебном либо административном порядке», «с ложным обвинением» деген сөздер мен сөз тіркестерінің қазақ тіліне аудармасы еріксіз көңіл аудартады. Өйткені қазақ тіліндегі нұсқада: «Осы Занда саяси қуғын-сүргіндер ретінде мемлекеттік органдар немесе олардың өкілі болып табылатын лауазымды адамдары саяси себептер бойынша күзетпен қамауға алуды және психиатриялық мекемелерде күштеп емдеуді қоса алғанда өмірін жою немесе бас бостандығынан айыру, елден қуып жіберу және азаматтығынан айыру, өмір сүрген жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аластау (айдау немесе жер аудару), арнайы қоныс аударуға жіберу, бостандығын шектей отырып ықтиярсыз еңбекке тарту түрінде (соның ішінде «еңбек армияларында», «ішкі істер халық комиссариатының жұмысшы колонналарында» деп аталатындарға) жүзеге асырылатын көндіру шаралары, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін нақақтан айыптаумен, не саяси сенімдерінің белгілеріне, таптық, әлеуметтік, ұлттық, діни немесе басқа тегіне қарап, сот, соттан тыс не әкімшілік тәртібінде әлеуметтік қауіпті адамдар ретінде қудалаумен ұштасқан басқа да құқықтары мен бостандығынан айыру немесе шектеу танылады» көрсетілген сөздер мен сөз тіркестері «елден қуып жіберу» және «соттан тыс не әкімшілік тәртібінде» тіркестерін қоспағанда, тиісінше «көндіру шаралары», «күштеп емдеуді», «өмірін жою», «өмір сүрген жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аластау», «ықтиярсыз еңбекке тарту», «нақақтан айыптаумен» деп дұрыс аударылмаған [2].

Бұл жерде «көндіру шаралары» орыс тіліндегі «меры склонения», ал «күштеп емдеуді» - «насильное лечение» тіркестерінің баламасы болып табылатыны айқын. Сондай-ақ заң тілінде «өмірін жою» немесе «аластау» сөздерінің қолданылуы өрескел қате болып табылады деп есептейміз. Мүмкін «өмірін жою» емес, «өміріне қол сұғу» деп қолдану әлдеқайда түсінікті

болар. Ал «аластау» сөзінің мағынасына келер болсақ, ол қазақтар арасында көне дәуірден келе жатқан анимистік және тотемдік наным-сенімге негізделетін отқа табыну рәсімін білдіреді.

Одан басқа, жоғарыда көрсетілген «изгнания из страны» тіркесі мен «внесудебном» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы осы 1-бапта «елден қуып жіберу» және «соттан тыс» деп дұрыс қолданылса, ал 3-бапта аталған тіркестер тиісті септікте «елден аласталған» және «сот емес» деп жазылған. «Внесудебный» сөзі 5 және 6-баптарда да «сот емес» деп қолданылғанын атап өту керек. Бұдан тіркестердің бірізді қолданылмағаны, қазақ тіліндегі заңның пысықталмағаны айқын болып тұр. Сондай-ақ 1-баптағы «удаления из мест проживания или районов обитания» тіркесі қазақ тіліне «өмір сүрген жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аластау» деп аударылса, 3-баптың бірінші абзацында тиісті септікте «тұрған жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аулақтатылған», ал екінші абзацында «тұратын жерлерінен немесе мекен еткен аудандарынан аулақтатылу» деп әртүрлі жазылған.

Сонымен қатар «привлечения к принудительному труду» және «с ложным обвинением» тіркестері де еріксіз көңіл аудартады. Бұл тіркестер қазақ тілінде тиісінше «мәжбүрлі еңбекке тарту» және «жалған айыптаумен» деп қолданылуы тиіс сияқты. Тағы да бір айта кетерлік жайт, «ложный» сөзі 4-бапта «өтірік» деп берілген.

Осылайша 4-баптың орыс тіліндегі редакциясы мен қазақ тіліндегі нұскасын салыстыру барысында «в принудительном взимании сборов религиозными группами» сөз тіркесінің баламасы «діни топтардың алым қаражаттарын күштеу арқылы жинағаны» деп жазылғаны анықталды. Бұл жерде де «принудительное» сөзі «күштеу» деп аударылған. Алайда, біздің ойымызша, көрсетілген тіркес «діни топтардың алымды мәжбүрлеп алуы» деп жазылуға тиіс. Сондай-ақ «религиозные обряды» сөз тіркесі қазақ тілінде «діни құрыптар» деп қолданылыпты. Мүмкін, «діни ғұрыптар» шығар? Осы 4-баптың сөйлем құрылысында да кемшіліктер бар. Яғни, орыс тілінде: «Статья 4. Объявляются реабилитированными все лица, осужденные за:

а) контрреволюционную пропаганду и агитацию;

б) нарушение правил об отделении церкви от государства...» деп берілсе, қазақ тілінде: «4-бап. Мынадай айыптары үшін сотталғандардың бәрі

ақталған адамдар деп жарияланады:

а) революцияға қарсы үгіт-насихат жүргізгені;
б) шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы ережелерді бұзғаны... бойынша» деп сөйлемнің бірінші бөлігімен ой аяқталады да, екінші бөлігі түсініксіз жазылған. Мұндай жағдайда қазақ тілінің грамматикасы бойынша сөйлем әрқашан да баяндауышпен аяқталуға тиіс деген ережені ұмытпау керек. Демек, сөйлем құрылысын былайша: «4-бап. Мынадай айыптары:

а) революцияға қарсы үгіт-насихат жүргізгені;
б) шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы ережелерді бұзғаны... үшін сотталғандардың бәрі ақталған адамдар деп жарияланады.» редакциялау қазақ тілінің нормаларына сай деп пайымдаймыз. Осыған ұқсас қателіктер 5 және 6-баптарда кездеседі.

Одан басқа, 6-бапта «Не подлежат реабилитации лица, перечисленные в статье 5 настоящего Закона, обоснованно осужденные судами, а также подвергнутые уголовным наказаниям по решениям внесудебных органов, в делах которых имеются достаточные доказательства совершения следующих преступлений:

а) измена Родине во всех формах, кроме бегства или перелета за границу; вооруженное восстание или вторжение в контрреволюционных целях на территорию Республики в составе вооруженных банд и участие в совершенных ими убийствах и других насильственных действиях; шпионаж, акт терроризма, диверсия;

б) насильственные действия в отношении гражданского населения и военнопленных, а также пособничество оккупантам и изменникам Родины в совершении таких действий во время Великой Отечественной войны;

в) организация вооруженных банд и участие в совершенных ими убийствах и других насильственных действиях.» «насильственные действия» термині тиісті септікте үш рет кездеседі. Осы терминнің қазақ тіліндегі баламасы екі түрлі: «күш көрсету әрекеттері» және «күштеу әрекеттері» деп қолданылған. Жоғарыда көрсетілген 1-бапта кездескен тіркестердің ішінде «принудительное» сөзінің «күштеу» деп аударылғанына куә болсақ, бұл бапта «насильственный» сөзінің «күштеу» деп аударылуына не себеп? Біздің ойымызша, екі нұсқа да дұрыс қолданылмаған, «насильственные действия» тіркесін «күш қолдану іс-әрекеттері» деп аудару анағұрлым түсінікті болар еді.

Бұдан басқа, 6-баптың б) тармақшасында «деп берушілік» сөзі қолданылған. Егер қарапайым

қолданушы Заңның қазақ тіліндегі нұсқасына жүгінетін болса, бұл сөздің, қала берсе, сол сөз қолданылған сөйлемнің мағынасына түсінбей, амалсыздан орыс тіліне жүгінуіне тура келетін еді. Сонда Заңның қазақ тіліндегі нұсқасын негізге алатын қолданушылар үшін жасанды кедергі келтірілетіні айқын. «Деп берушілік» сөзі «пособничество» сөзінің аудармасы ретінде қалай қолданылғаны түсініксіз.

Сонымен қатар 19-баптың орыс тіліндегі мәтініне назар аударсақ: «Лица, подвергшиеся репрессиям и реабилитированные в порядке, установленном настоящим Законом, восстанавливаются в утраченных ими в связи с репрессиями социально-политических и гражданских правах, в наградах, почетных, воинских и специальных званиях.

При реабилитации лица только в части предъявленного обвинения осуществляется восстановление тех прав, которые были нарушены в связи с политическими обвинениями.», «права» сөзі тиісті септікте екі рет кездеседі. Ал осы баптың қазақ тіліндегі мәтінінде дәл осы сөз былайша берілген: «Қуғын-сүргіндерге ұшыраған және осы Заң белгілеген тәртіпте ақталған адамдардың қуғын-сүргіндермен байланысты айрылған әлеуметтік-саяси әрі азаматтық құқықтары, наградалары, құрметті, әскери әрі арнаулы атақтары қалпына келтіріледі.

Адам өзіне тағылған айыптың тек бір бөлігінде ақталған жағдайда оның саяси айыптаулармен байланысты бұзылған құқықтары қалпына келтіріледі.». Бұл жерде «құқықтары» сөзі «құқықтары» деп қолданылып, өрескел қателікке жол берілген. Оның үстіне, бірінші бөлігін «Қуғын-сүргіндерге ұшыраған және осы Заңда белгіленген тәртіппен ақталған адамдардың қуғын-сүргіндермен байланысты айырылған әлеуметтік-саяси әрі азаматтық құқықтары, наградалары, құрметті, әскери әрі арнаулы атақтары қалпына келтіріледі.» деп редакциялау қажет сияқты.

Одан басқа, осы заңның 9, 10, 11, 12, 14, 15, 17-баптарының орыс тіліндегі «заявитель» сөзі қазақ тіліндегі бүкіл мәтін бойынша «өтініш иесі» деп дұрыс қолданылмаған. Қазіргі таңда бұл тіркес «өтініш беруші» деп қалыптасып кеткен.

Өз кезегінде, жүргізілген талдау «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 3-тармағының «нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң

техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс. Көнерген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді» деген талаптарының сақталмағанын көрсетеді [3].

Жоғарыда келтірілген мысалдар 1993 жылғы 14 сәуірде, яғни Қазақстанның тәуелсіз, егемен ел болып қалыптасуының алғашқы жылдарында қабылданған заңның екі-үш бабын ғана салыстыру арқылы анықталған кемшіліктер болатын. Бұл жерде айта кетерлік жайт, біз талдау жүргізген заң Қазақстан Республикасының тіл туралы және нормативтік құқықтық актінің мәтініне қойылатын талаптар туралы заңдарынан бұрын қабылданған. Сол жылдары қабылданған құқықтық құжаттардың мемлекеттік тілдегі мәтінінде кемшіліктердің көптеп кездесуінің бірден-бір себебі, ресми тілдің толыққанды қалыптасып үлгермеуі деп пайымдаймыз. Жоғарыда атап көрсетілген кемшіліктерді жою үшін, талданған заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы

түзету керек деп пайымдаймыз. Көш жүре түзеледі демекші, қазіргі таңда қабылданып жатқан заңдардың мемлекеттік тілдегі мәтінінің сапасы әлдеқайда жоғары.

Алайда, сол заңдардың жобаларын әзірлейтін мемлекеттік органдардың қызметкерлері әлі де болса мемлекеттік тілге шорқақтығын көрсетеді. Себебі ғылыми лингвистикалық сараптамаға ұсынылатын заң жобаларында грамматикалық, стилистикалық және терминдер мен сөз тіркестерінің бірізді қолданылмауы сияқты кемшіліктер көптеп кездесуде. Бұл кемшіліктерді болдырмау үшін әрбір қызметкер мемлекеттік тілге, біріншіден, құрметпен қарауы, екіншіден, тілді дамыту үшін қолданылып жатқан шараларға белсене қатыса отырып, оны үйреніп алуға тиіс. Содан соң ғана біртіндеп қазақ тілінде сөйлей жүріп, ресми тілді де игеріп алады.

Сөз соңында айтарымыз, Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» дегендей, орыс тілі мен ағылшын тілін үйренуге қалай талпынсақ, мемлекеттік тілімізді де солай жетік меңгеруге тырысқанымыз өзіміздің ұлтжанды, нағыз патриот екенімізді дәлелдейді. Бұл алға қойған мақсаттарға, яғни елімізді дамыған елдердің қатарына қосудың бірден-бір жолы деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиет

1. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
3. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.



Мақалада қолданыстағы заңнаманың орыс және қазақ тіліндегі редакциясын салыстыру арқылы анықталған кемшіліктер туралы айтылады.

Түйін сөздер: қолданыстағы заңнама, сөздер мен сөз тіркестерінің бірізділігі, мемлекеттік тіл.

В статье рассматриваются недочеты, выявленные путем сравнения редакции действующего законодательства на русском и казахском языках.

Ключевые слова: действующая редакция, единообразие слов и словосочетаний, государственный язык.

The article discusses the shortcomings identified by comparing the version of the current legislation of the Russian and Kazakh languages.

Keywords: current version, uniformity of words and phrases, the official language.

Акерке Аманқызы Мединаева,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығы НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптамасы секторының аға ғылыми қызметкері

Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері

Мединаева Акерке Амановна,

старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

Языковые недочеты действующего законодательства

Medinayeva Akerke Amanovna,

senior researcher of the sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of SI Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Language shortcomings of current legislation

